

**Оку құралына**  
**2025 жылғы «5» қыркүйектегі №554**  
**ғылыми-медициналық сараптаманың қорытындысы**

<b>Қажетті параметр (багалау критерий)</b>	<b>Ақпараттың болуы (өлшемшартқа және белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы ақпарат)</b>
Колжазбаның атауы	«Биоорганикалық химия» оку құралы
Болжалды таралым	500 дана
Шығарылған жылы	2025
Автордың (авторлардың) тегі, аты, әкесінің аты, ғылыми дәрежесі мен атағы, жұмыс орны, лауазымы	<p>Ділмағамбетов С.Н. - х.ғ.к., Марат Оспанов атындағы БҚМУ-дың медициналық және биологиялық химия кафедрасының профессоры</p> <p>Ғұмарова Ж.Ж. - б.ғ.к., Марат Оспанов атындағы БҚМУ-дың медициналық және биологиялық химия кафедрасының мемгерушісі</p>
Рецензенттер	<p>1. <b>Ж.А.Абилов</b> – Әл-Фараби атындағы КазҰУ органикалық заттардың, табиғи қосылыстар мен полимерлердің химиясы және технологиясы кафедрасының профессоры, х.ғ.д., профессор</p> <p>2. <b>Б.Б.Досанова</b> – Қ.Жұбанов атындағы АӨУ жаратылыстану факультеті химия және химиялық технология кафедрасының доценті, п.ғ.к.</p> <p>3. <b>Г.М.Жармаханова</b> – Марат Оспанов атындағы БҚМУ жаратылыстану ғылымдары кафедрасының жетекшісі, доцент PhD</p> <p>4. <b>Ж.А.Ерназарова</b> – Марат Оспанов атындағы БҚМУ медициналық және биологиялық химия кафедрасының аға оқытушысы, магистр, БҚМУ термінкомының мүшесі</p>
Пәннің атауы (осы пәнге жататын циклды, оку басылымы дайындалған жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тиісті жіктеуіші бойынша кодты көрсету)	6ВМ10109 – «Медицина», 6ВМ1010 – «Стоматология», 6ВМ10111 – «Педиатрия», 6ВМ10104 – «Фармация» және 6ВМ10108 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандықтары бойынша оқытын медициналық ЖОО студенттеріне арналған
<p><b>Құрылымы мен дизайнына қойылатын талаптарға сәйкестігін багалау</b>  <i>(Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беру тәртібі туралы Ережеге сәйкес)</i></p>	
Титул параграфы және артқы жағы	<p>Алдыңғы және артқы жағын ғылыми-медициналық әзірлемелерді әзірлеу, ресімдеу және бекіту бойынша әдістемелік ұсынымдар талаптарына сәйкес.</p> <p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Салидат Қайырбекова атындағы Үлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» ШЖҚ РМК бекітілген және баспаханалық жолмен жариялауға рұқсат етілген ( _____ жылғы № ____ ).</p>
Қысқартулар тізімі	Қысқартулар тізімі жоқ. Қысқартулар, шартты белгілер, рәміздер тізбесі ғылыми-медициналық әзірлемелерді әзірлеу, ресімдеу және бекіту жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың талаптарына сәйкес қосылуы тиіс.

Мазмұны	<p>Оку құралы 15 тараудан тұрады, онда «Биоорганикалық химия» ғылымының негізгі қағидалары жеткілікті көлемде баяндалған, классификация, номенклатура, электрондық құрылым, реакциялық қабілеттілік және т.б. барлық биологиялық маңызды табиги және синтетикалық органикалық қосылыстар кластарын қамтитын қажетті бөлімдер бар. Бұларға биополимерлер, дәрумендер, гормондар, антибиотиктер, өсімдік текті биологиялық белсенді заттар, сондай-ақ биологиялық үдерістердің синтетикалық реттеушілері (дәрілік препараттар, пестицидтер және т.б.) жатады.</p> <p>Оку құралының құнды артықшылығы – материалдың айқын реттілігі, иллюстрациялар мен химиялық формулалардың болуы. Авторлар заттардың химиялық құрылышы мен олардың биологиялық белсенділігі арасындағы байланысты нақты көрсеткені анық.</p>
Kіріспе	<p>Kіріспе бұл окулықтың өзектілігін көрсетеді және жалпы алғанда, тірі жүйелердің құрылымы мен функцияларын түсіну, сондай-ақ дәрілік препараттарды әзірлеу үшін оның қажеттілігін негіздейді.</p>
Басылымның негізгі мәтіні	<p>Мәтіндік бөлікті безендірудің жалпы ережелеріне сәйкес қосылуы тиіс, қаріп түрін Times New Roman етіп өзгертініз, негізгі мәтіндегі қаріп өлшемі -14pt (ескертулер мен кестелер үшін қаріп өлшемі - 12pt рұқсат етіледі). Жол аралығы-1.</p> <p>Басылымның негізгі мәтіні жалпы алғанда құрылым мен рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес келеді, материалдың баяндалуында айқын құрылымдылық байқалады. Әр тараудың соңында бақылау тесттері берілген.</p>
Қорытынды	«Қорытынды» ғылыми-медициналық әзірлемелерді әзірлеу, ресімдеу және бекіту жөніндегі әдістемелік ұсыныстардың талаптарына сәйкес қосылуы тиіс.
Әдебиеттер тізімі	«Әдебиеттер тізімі» ғылыми-медициналық әзірлемелерді әзірлеу, ресімдеу және бекіту жөніндегі әдістемелік ұсыныстардың талаптарына сәйкес қосылуы тиіс.
Басылымды ресімдеу сапасы (қазақ, ағылшын, орыс тілдерінің нормаларын сактау, дизайн)	Деректер қазақ тілінде жазылған, стилистикалық дәлсіздіктер жоқ.
Окулықтың көлеміне қойылатын талап-кемінде 9 баспа параграфы	Сәйкес келеді. Жұмыс А4 форматындағы 203 парапта ұсынылған, бұл 12.7 б. п. сәйкес келеді.
<p><b>Мазмұнга қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау</b>  <i>(Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беру тәртібі туралы Ережесеге сәйкес)</i></p>	
КР БФМ МЖМБС, КР жоғары білім беру біліктілігінің ұлттық шенберіне, КР салалық біліктілік шенберіне, Кәсіби стандартқа сәйкестігі тұрғысынан оку басылымының жұмыс түжырымдамасын бағалау;	Оку басылымының жұмыс түжырымдамасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына; Қазақстан Республикасындағы Ұлттық біліктілік шенберіне; Қазақстан Республикасының салалық біліктілік шенберіне, Кәсіби стандартқа толық сәйкес келеді.

<p>Оку басылымының мазмұнын қазіргі ғылыми деңгейге (нақты бағыт бойынша), оқытудың күтілетін нәтижелеріне; олардың қол жетімділігін бағалаудың объективті критерийлеріне сәйкестігін бағалау;</p>	<p>Оку құралы жасушаның құрылымдық компоненттері болып табылатын биополимерлердің құрылымы мен соның нәтижесі ретінде реакциялық белсенділігінің, сондай-ақ негізгі метаболиттер мен төмен молекулалы биореттеушілердің іргелі негіздерін қамтиды.</p> <p>Ерекше назар тірі ағзада ұқсастықтары бар қосылыстар мен реакцияларға аударылған, маңызды қосылыстар кластарын биологиялық рөл түрғысынан ашып көрсету күштейтілген, экологиялық және токсикологиялық сипаттағы заманауи мәліметтердің ауқымы кеңейтілген.</p> <p>Оку құралы бұл пәннің медицинаға бағытталуын, ол медицина студенттеріне қажет болуын, және жеткілікті ғылыми деңгейін өзара байланыстыру принципіне негізделіп құрылған.</p>
<p>Теориялық білім, оны талдау және түрлендіру әдістемесі, оны қолданудың практикалық дағдылары негізінде кәсіби салага қатысты нақты өнімді құру қабілетін қалыптастыруға бағытталуы.</p>	<p>Оку құралы биоорганикалық химияның дерлік барлық бөлімдерін және оның молекулалық биология, биохимия, биофизикамен тоғызындағы мәселелердің толық кешенін қамтиды.</p> <p>Олардың ішіндегі ең бастысы – тірі материяның маңызды компоненттерін құрылымдық-функционалдық түрғыдан зерттеу.</p> <p>Сондай-ақ, биоорганикалық химияның медицинаға, фармацияға, ауыл шаруашылығына және өнеркәсіптің басқа салаларына қажетті маңызды препараттарды синтездеу мәселелерін шешумен айналысатыны да жеткілікті деңгейде көрсетілген.</p>
<p>Оку басылымындағы оку материалын ұсынудың және өзектендірудің әдістемелік жүйесін, оның құзыреттілікке бағытталған білім беру технологияларына бейімделуін бағалау.</p>	<p>Оқулықта оку материалын баяндаудың жалпыға қабылданған жүйесі берілген: тараулар бір-бірін қысынды әрі ретімен толықтырады, мәтін иллюстративті деректермен (суреттер, кестелер және сызбалар) түсіндірілген.</p>
<p>Оку басылымының мазмұны мен ресімделуіне қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптардың сәкталу дәрежесі.</p>	<p>Оқулықтың мазмұны мен рәсімделуіне қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптар тиісті деңгейде сәкталған.</p>

**Сараптамалық корытынды:** «Биоорганикалық химия» оқулы құралы жоғарыда келтірілген ұсыныстар мен ескертулерді ескере отырып, оку материалы ретінде ұсынылуы мүмкін.

**Шешім:** «Биоорганикалық химия» оқулы құралы бекітілсін және берілген ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, баспаханалық тәсілмен басып шыгаруға рұқсат етілсін.

#### **Сарапшылар тобы:**

Сараптама тобының тәрағасы,  
Медициналық білім және ғылым  
департаментінің директоры,  
Х.Ф.К. қауымдастырылған профессор, МВА

A. Мурат

Сарапшылар тобының мүшелері:

1. «Химия» бағыты бойынша тәуелсіз сарапшы (ғылыми-медициналық сараптама жүргізу жөніндегі тәуелсіз сарапшылар базасынан)
2. Әдістемелік және техникалық қолдау тобы:

Медицина ғылымын дамыту  
орталығының бас маманы, магистр

Г.Т. Калымжан

ҚР ДСМ «Салидат Қайырбекова  
атындағы ҰФДСДО» ШЖҚ РМК  
Басқарма Төрайымының орынбасары

А.Б. Табаров

